

## ЖШС «Нұркәусар.А» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін

«Нұркәусар.А» бөбекжай балабақшасы

Менгерушіс Н.Ө. Маймақова



## «Нұркәусар.А» бөбекжай бақшасы 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие мен оқыту жұмысының жылдық жоспары

## **Кіріспе**

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің әртүрлі бағыттарын жоспарлау негізгі басқарушылық функциялардың бірі болып саналады.

Жылдық жоспар мектепке дейінгі ұйымды дамыту бағдарламасында белгіленген міндеттер мен іс-шараларды нақтылайды.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарында тәрбие-білім беру процесінің проблемаларын шешу бойынша нақты іс-шаралар, тәрбиешілерді олардың кәсіби өсуі үшін әдістемелік қолдау жүйесі, педагогтердің жұмыс тәжірибесін қалыптастыру және мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру мақсатында инновациялардың енгізілуі айқындалуы тиіс.

## **Басқарудың негізгі принциптері**

1. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы ортасын стратегиялық тұрғыдан талдау.
2. Кадр саясаты тұжырымдамасын әзірлеу.
3. Кадрлық менеджменттің негізгі принциптерін анықтау
4. Педагогтер және қызметкерлермен мақсатты жұмыс стратегиясын қалыптастыру.
5. Ұйымдастыру жұмысының тиімді тетігін қалыптастыру.
6. Кадрлармен жұмыс істеудің инновациялық нысандары мен әдістерін әзірлеу.
7. Ұзақ мерзімді перспективада кадрлық қамтамасыз ету стратегиясын құру.
8. Ынтымақтастық орнату үшін отбасымен өзара әрекеттесудің пәрменді практикасын енгізу.

Бұл процесті басқару мектепке дейінгі ұйым менеджментінің негізін құрайды.

Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру, жылдық жоспарды әзірлеу білім беру бағдарламасының тұжырымдамасына негізделеді; екінші жағынан, білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымның миссиясын, тұжырымдамасын және даму бағдарламасын іске асыру үшін әдістемелік құжат болып саналады.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін жоспарлаудың алдында тәрбие-білім беру жұмысының жай-күйін жан-жақты және терең талдау, әлсіз және күшті жақтарын анықтау, алдағы кезеңге арналған өзекті міндеттерді анықтау жұмысы орындалады. Басшының жұмысын нақты жоспарлау

ұжымға негізгі міндеттерді үнемі назарда ұстауға мүмкіндік береді.

Жоспар негізгі құжат болып есептеледі, оның негізінде мектепке дейінгі ұйымның бүкіл қызметі ұйымдастырылады.

Жоспарлаудың жүйеге қойылуы мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапты барлық тұлғалардың қатаң ойластырылған құрылымы мен жоспарларының мазмұнымен қамтамасыз етіледі.

## **2024–2025 оқу жылының қорытынды есебі**

**Бағыт:** «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы. 2024–2025 оқу жылы барысында балабақшада тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүргізілді. Бағдарламаның басты мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы серіктестікті нығайту, балаларды ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамыту, адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

### **1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс**

Жыл басында педагогикалық кеңесте «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны талқыланып, тәрбиешілерге әдістемелік нұсқаулар берілді. Әдіскерлер мен педагогтар арасында семинар, коучингтер өткізіліп, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді. Тоқсан сайын атқарылған іс-шаралар талданып, қорытындысы жасалды.

**2. Балалармен жүргізілген іс-шаралар** «Адал азамат – кәсіби маман» жобасы аясында балаларға адалдық, еңбек, достық туралы түсінік беретін әңгімелер, ойындар, көріністер ұйымдастырылды. «Салауатты өмір салты» бағытында спорттық мерекелер, денсаулық күні, сергіту жаттығулары өткізілді. «Сөйлейтін орта» әдісін қолдану арқылы балалардың тілдік қоры дамып, байланыстырып сөйлеу дағдылары жетілді. Танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жобалық жұмыстар жүргізілді.

**3. Ата-аналармен жұмыс** Тоқсан сайын ата-аналар жиналыстары өткізіліп, біртұтас тәрбиенің маңызы талқыланды. Ашық есік күндері арқылы ата-аналарға оқу-тәрбие үдерісін бақылау мүмкіндігі берілді. «Әкем, анам және мен», «Отбасылық дәстүрлер» тақырыптарында ортақ мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-аналарға арналған кеңестер мен жадынамалар таратылып, тәрбие жұмысына белсенді қатысулары қамтамасыз етілді.

**4. Қауіпсіздік бағытындағы жұмыс** «Өрт – тілсіз жау», «Жолда абай бол» атты танымдық сабақтар өтті. Балаларға үйдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін сақтау бойынша ұсыныстар берілді. Балалардың бойында адамгершілік, адалдық, еңбексүйгіштік қасиеттер қалыптасты. Балалардың тілдік қоры кеңейіп, шығармашылық қабілеттері артты. Ата-аналар мен педагогтар арасында өзара ынтымақтастық нығайды. Балалардың қауіпсіздік мәдениеті қалыптасып, қарапайым ережелерді сақтауға дағдыланды.

Қорытынды 2024–2025 оқу жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарланған жұмыстар толық көлемде жүзеге асырылды. Бағдарлама балалардың жан-жақты дамуына, ата-ана мен балабақша арасындағы бірліктің нығаюына, тәрбие жұмысының жүйеленуіне оң ықпал етті.

**Ұсыныстар** 2025–2026 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жобалық жұмыстардың санын арттыру. Ата-аналармен бірлескен шығармашылық және ұлттық құндылықтарға негізделген іс-шараларды көбейту. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған тәжірибелік сабақтарды жиі өткізу. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, ата-аналарға онлайн кеңестер ұйымдастыру.

## **Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар**

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптар 2025 – 2026 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б. Заңдарын басшылыққа алуы тиіс, процесті мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырсын:

|   |                                                                                                                                             |                                                                                                     |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі                                                                                                     | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414">https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414</a> |
| 2 | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы                                                                                               | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319</a>   |
| 3 | «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы                                                                                   | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293</a> |
| 4 | «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы                                                       | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345</a>   |
| 5 | «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы                                                                          | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000306">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000306</a>   |
| 6 | «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы                      | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343">https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343</a>   |
| 7 | Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249</a> |
| 8 | Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидалары                                                     | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010194">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010194</a> |
| 9 | Жоспарлы профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары  | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021832">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021832</a> |

|    |                                                             |                                                                                                     |
|----|-------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 10 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137">https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137</a> |
|----|-------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|

|    |                                                                                                                                                                                          |                                                                                                     |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 11 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты                                                                                                              | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031</a> |
| 12 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары                                                                                                                              | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275</a> |
| 13 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары                                                                                                                          | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329</a> |
| 14 | Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары                                                               | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023469">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023469</a> |
| 15 | Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары                                                                                                                           | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033166">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033166</a> |
| 16 | Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты                                                                                                         | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013227">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013227</a> |
| 17 | Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары                                                                                                                                  | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750</a>   |
| 18 | Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары                                                     | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272</a> |
| 19 | Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары                                                                                                           | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020883">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020883</a> |
| 20 | Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020708">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020708</a> |
| 21 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі                                                                                     | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317</a> |
| 22 | Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері                                                                                                                                                  | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619</a> |
| 23 | Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі                                                                        | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015584">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015584</a> |
| 24 | Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар                                                            | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018239">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018239</a> |
| 25 | Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары                                                                                                                                     | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618</a> |



|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                     |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 26 | Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513</a> |
| 27 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары                                                                                                                | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017948">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017948</a> |
| 28 | Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру 8 бойынша көрсетілетін қызметтерді, тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидалары | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017766">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017766</a> |
| 29 | «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032368">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032368</a> |
| 30 | «Үздік педагог» атағын беру қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020472">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020472</a> |
| 31 | Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008390">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008390</a> |
| 32 | Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007495">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007495</a> |
| 33 | Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317</a> |
| 34 | Педагогтік қайта даярлау қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020147">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020147</a> |
| 35 | Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020567">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020567</a> |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                     |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | бекіту қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                     |
| 36 | Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031053">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031053</a> |
| 37 | Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020622">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020622</a> |
| 38 | Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022857">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022857</a> |
| 39 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005229">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005229</a>   |
| 40 | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034309">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034309</a> |
| 41 | «Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және 9 ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы № 354 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033147">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033147</a> |
| 43 | Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                            | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029323">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029323</a> |
| 44 | Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007363">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007363</a> |
| 45 | Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100025128">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100025128</a> |

|    |                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                   |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 46 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары   | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016138">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016138</a>                                                                               |
| 47 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016137">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016137</a>                                                                               |
| 48 | Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі                                                                                                                                 | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070005090">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070005090</a>                                                                                 |
| 49 | Өрт қауіпсіздігі қағидалары                                                                                                                                                                                                             | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026867">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026867</a>                                                                               |
| 50 | Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық                                                          | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414</a>                                                                               |
| 51 | Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы ҚР БҒМ 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292-бұйрығы                                                                                                   | <a href="https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/PRIKAZY/2022/prikaz292_kz_17102022.pdf">https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/PRIKAZY/2022/prikaz292_kz_17102022.pdf</a> |
| 52 | «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы                                                                                                                                                                                             | <a href="https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149">https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149</a>                                                                               |
| 53 | Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы ҚР ОАМ 2024 жылғы 30 шілдедегі №194-бұйрығы                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                   |

## **Мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына жылдық мақсаттары мен міндеттері**

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің алдағы оқу жылына арналған мақсаттары.

Даму бағдарламасының бағыттары мен заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның өткен оқу жылындағы қызметін талдау қорытындылары бойынша:

**«Б і р т ұ т а с т ә р б и е» б а ғ д а р л а м а с ы а я с ы н д а**  
**“Адал азамат кәсіби маман” тақырыбында б і л і м б е р у к ең і с**  
**т і г і н қ а м т а м а с ы з е т у :**

### **Мақсаты:**

**Танымдық дағды.**Балаларды адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтармен таныстыру арқылы олардың ойлау қабілетін, мәселелерді талдау және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамыту. Коммуникативтік дағды Мақсат: Балалардың сөйлеу, тыңдау және пікір алмасу қабілеттерін жетілдіру арқылы адал және сенімді қарым-қатынас орнатуға үйрету.

**Әлеуметтік-қатынас дағдысы мақсаты:**Топта және қауымдастықта адалдық пен кәсіби этиканы сақтау арқылы балалардың өзара көмек, ынтымақтастық және жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

**Шығармашылық дағды мақсаты:**Балаларды этикалық және кәсіби мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге, рөлдік және сюжеттік ойындар арқылы адалдық пен кәсіптік мінез-құлықты көрсетуге үйрету.

**Денсаулық және өзін-өзі басқару дағдысы мақсаты:**Балаларды өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға, эмоцияларын бақылауға және адалдық принциптері негізінде өздерін басқаруға үйрету.

### **2. Материалдық базаны жетілдіру:**

- мектепке дейінгі ұйымның материалдық базасын жақсартуды жалғастыру;
- тәрбиеленушілердің дене және психологиялық денсаулығын қорғауға және нығайтуға кепілдік беру;
- мектепке дейінгі білім берудің бағдарламалары бойынша тәрбиелеу және оқыту кезінде балалардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз ету.

### **3. Педагог мамандығының мәртебесін көтеру:**

- тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарында педагог мамандығының маңыздылығы және оның ерекше мәртебесі туралы түсінік қалыптастыру;
- педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру.

## **Мектепке дейінгі ұйым қызметінің 2025 – 2026 оқу жылына міндеттері**

Белгіленген мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет.

### **1.Әдістемелік сүйемелдеу:**

мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы мен мектепке дейінгі білім берудің бейімделген білім беру бағдарламасын іске асыруды әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

### **2.Білім беру ортасын ұйымдастыру:**

- бірыңғай білім беру ортасы мен кеңістігін пайдалануды ұйымдастыру.

### **3.Педагогтердің құзыреттілігін арттыру:**

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын қолдану мәселелерінде педагог қызметкерлердің құзыретін арттыру.

### **4.Білім беру ортасын жаңғырту:**

- заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жаңғырту;
    - сапалы және қолжетімді білім беру және шығармашылық ортасын дамыту.
- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша құндылықтарымызды жаңғырту.

#### **5. Мониторинг және талдау:**

- білім беру қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді талдау бөлігінде мониторинг ұйымдастыру;
- заманауи дамып келе жатқан заттық-кеңістіктік орта құру.

#### **6. Оқытудың сабақтастығы:**

- отбасын қоса алғанда, әртүрлі әлеуметтік институттарда мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім беру деңгейлерінде балаларды тәрбиелеу мен оқытудың технологиялары мен мазмұнының сабақтастығы үшін жағдай жасау.

#### **7. Әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық:**

- тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуы үшін әлеуметтік серіктестермен толыққанды ынтымақтастық үшін жағдай жасау.

### **8. Педагогтердің мәртебесін көтеру:**

білім беру қатынастарына қатысушыларда еңбектің маңыздылығы, педагог қызметкерлер мен тәлімгерлердің маңыздылығы мен олардың ерекше мәртебесі туралы түсінік қалыптастыру.

#### **9. Ұйымдастырушылық механизмдер:**

педагогикалық қызметкерлер мен тәлімгерлердің кәсіби деңгейін арттыру мен көтермелеудің ұйымдастырушылық тетіктерін жетілдіру.

#### **10. Инновациялық және цифрлық технологиялар:**

білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа сәйкес білім беру процесінің сапасын арттыру үшін инновациялық технологияларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жүйелеу. Эксперименттік білім беру бағдарламасы танымдық-зерттеу қызметі бойынша 4 түрлі әдіс технологиясы арқылы инженерлік ойлау мен зерттеу мінез-құлқын дамыту" (қызығушылық-зерттеу-инженерия-ойын)" 2025-2026 жылдарға арналған



## 2025 – 2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру процесін талдау

### Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату және педагогтердің конкурстар мен іс-шараларға қатысуы

| Педагогтерге арналған қалалық сайыстар                                                                                                |                                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|
| «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»                                                                                             | Әдістемелік орталықтың жоспары бойынша            |
| «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері»                                                                                               |                                                   |
| Балаларға арналған сайыстар                                                                                                           |                                                   |
| «Шымырлық пен шеберлік күні» қалалық конкурсы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында)                                         | Білім беруді жаңғырту орталығының жоспары бойынша |
| «Үздік бейне ұйымдастырылған іс-әрекеті» қалалық байқау, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында                                |                                                   |
| «Біз ойнаймыз, дамимыз, өсеміз» қалалық бейнесабактар конкурсы/                                                                       |                                                   |
| «Ертегілер еліне саяхат» байқауы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында                                                       |                                                   |
| «Даланың алып қоңырауы» Республикалық педагогикалық оқулар конкурсының қалалық кезеңі (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында) |                                                   |



|                                                                                                                                          |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| «Балалық шағымның шуақты биі» қалалық конкурсы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында)                                           |  |
| «Қызыққа толы сәттер» байқауы                                                                                                            |  |
| «Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» тәжірибесінен қалалық шебер- сынып байқауы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында) |  |
| «Әкеммен құсты қорғаймын» қалалық конкурсы (мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында)                                               |  |
| «Мен зерттеушімін» қалалық мектепке дейінгі жастағы балалар арасындағы қалалық байқау                                                    |  |
| «Менің отбасым» ана тіліндегі өткізілетін шығармашылық қалалық байқау                                                                    |  |
| «Қазақшаң қалай, балақай!» байқауы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында                                                        |  |
| «Туған жерім –алтын бесігім» байқауы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында                                                      |  |
|                                                                                                                                          |  |

### III. Тәрбиеленушілердің дене дамуы мен денсаулық жағдайын талдау

#### Балалардың соңғы 3 жылдағы сырқаттанушылық жағдайларын талдау

| Көрсеткіштер   | 2023-2024 о.ж. | 2024-2025 о.ж. | 2025-2026 о.ж. |
|----------------|----------------|----------------|----------------|
| Бала саны:     |                |                |                |
| Жалпы соматика |                |                |                |
| Инфекциялық    |                |                |                |

|                                                                        |  |  |  |
|------------------------------------------------------------------------|--|--|--|
| сырқаттанушылық                                                        |  |  |  |
| Бір баланың сырқаттануына байланысты келмеген күндері (орташа есеппен) |  |  |  |
| Сырқаттануына байланысты келмеген барлық күні                          |  |  |  |

**Ерте жастағы балалардың мектепке дейінгі ұйымның жағдайына бейімделу нәтижелері бойынша деректер**

| Топтың атауы/Балалар саны | Бейімделу дәрежесі |             |                 |
|---------------------------|--------------------|-------------|-----------------|
|                           | оңай               | орташа ауыр | бейімделуі ауыр |
|                           |                    |             |                 |

**Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру**

**Анықтама:** мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі ұйымның үй-жайлары санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес келуі керек.

Күн тәртібі білім беру процесіне қойылатын гигиеналық талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.

Жылдық жоспарға сәйкес барлық педагогтер және қызмет көрсетуші персоналмен бірге ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде және күнделікті

өмірде, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқамалар жүргізіледі.

### **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері**

Мектепке дейінгі ұйым жылына 3 рет мониторинг (бастапқы, аралық, қорытынды) арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын іске асыру сапасына ішкі бағалау жүргізеді.

**Анықтама:** мониторинг әртүрлі жастағы топтардың типтік бағдарламасында анықталған күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізудегі педагогтің алдағы қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

Тәрбие процесінің тиімділігі, сондай-ақ балалардың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін 2024 – 2025 оқу жылының қорытындылары бойынша мониторингтің бастапқы, аралық және қорытынды кезеңі жүргізіледі.

| Жылдық жоспардың тараулары                                                            |                                                                                                                                                      |                 |                                   |
|---------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|-----------------------------------|
| №                                                                                     | Іс-әрекеттің мазмұны                                                                                                                                 | Мерзімі         | Жауапты                           |
| <b>1-тарау. Мектепке дейінгі ұйымның қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету</b> |                                                                                                                                                      |                 |                                   |
| 1.1                                                                                   | Мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту.                                                                 | Тамыз           | Меңгеруші, әдіскер                |
| 1.2.                                                                                  | Мектепке дейінгі ұйымдағы қызмет процесін ұйымдастыру бойынша негізгі заңнамалық, нұсқаулық, әдістемелік құжаттарды зерделеу және іске асыру.        | Тамыз-қыркүйек  | Меңгеруші                         |
| 1.3.                                                                                  | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделінің талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру. | Жыл бойы        | Меңгеруші                         |
| 1.4.                                                                                  | Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша бұйрықтар дайындау.                                                                       | Тамыз           | Меңгеруші                         |
| 1.5.                                                                                  | Педагогтердің жұмыс кестесін құру.                                                                                                                   | Тамыз           | Меңгеруші, әдіскер                |
| 1.6.                                                                                  | Педагогтердің перспективалық жұмыс жоспарларын құру.                                                                                                 | Тамыз           | Әдіскер                           |
| 1.7.                                                                                  | Педагогтердің жұмыс кестесін бекіту.                                                                                                                 | Тамыз           | Меңгеруші                         |
| 1.8.                                                                                  | Ата-аналармен (заңды өкілдермен) шарттар жасасу.                                                                                                     | Тамыз, жыл бойы | Меңгеруші                         |
| 1.9.                                                                                  | Нұсқаулық-өкімдік құжаттарды дайындау (еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау туралы).                                         | Тамыз           | Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі |
| 1.10.                                                                                 | Мектепке дейінгі ұйымның педагог қызметкерлерінің штаттық кестесін бекіту және тарифтеу.                                                             | Тамыз- қыркүйек | Меңгеруші                         |

|       |                                                                                                                                                                         |          |                                            |
|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|--------------------------------------------|
| 1.11. | Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысына сәйкес нормативтік құқықтық құжаттарды реттеу.                                                                                       | Жыл бойы | Меңгеруші                                  |
| 1.12. | Терроризмге қарсы қорғау бойынша кешенді шаралар жүргізу.                                                                                                               | Жыл бойы | Меңгеруші                                  |
| 1.13. | Мектепке дейінгі ұйымның дамытушы заттық-кеңістіктік ортасын жаңарту және байыту жоспарына сәйкес материалдар мен жабдықтарды сатып алуға жобалар, өтінімдер құрастыру. | Жыл бойы | Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі          |
| 1.14. | Өндірістік жиналыстар мен нұсқаулықтар.                                                                                                                                 | Жыл бойы | Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі |
| 1.15. | Нормативтік талаптарға сәйкес еңбек шарттарын қайта қарау, қосымша келісімдерді ресімдеу.                                                                               | Қыркүйек | Меңгеруші                                  |
| 1.16. | Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің қызметін әдістемелік сүйемелдеу.                                                                                           | Жыл бойы | Меңгеруші, әдіскер                         |
| 1.17. | Мектепке дейінгі ұйымның 2025– 2026 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын құру және бекіту                                                             | Мамыр    | Меңгеруші, әдіскер                         |

**Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

|    |                                                                                                                                                                                             |              |                     |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|---------------------|
| 1. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқықтық актілерді әзірлеу және өзектендіру                                                                                                 | Жыл бойы     | Меңгеруші, психолог |
| 2. | Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі педагогикалық кеңеске мәселені енгізу                                                                                                | Жыл бойы     | Меңгеруші, психолог |
| 3. | Түсіндіру әңгімелесулерін өткізу (қолданыстағы заңнамадағы өзгерістермен танысу, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану практикасын талқылау). | Жыл бойы     | Меңгеруші, психолог |
| 4. | Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбы бойынша меңгерушінің                                                                                     | Жылына 1 рет | Меңгеруші, психолог |

|     |                                                                                                                                                                                                                                    |                       |                      |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------|----------------------|
|     | жанында мәжілістер ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде:<br>- сыйлықты алу және оны беру туралы хабарлама тәртібі бойынша;<br>- сыйлықтар алғаны, пара алғаны және бергені, парақорлыққа делдал болғаны үшін жаза белгілеу туралы. |                       |                      |
| 5.  | Азаматтар мен ұйымдардың өтініштерінде сыбайлас жемқорлық фактілері және мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің өзге де заңсыз әрекеттері туралы ақпараттың болуы тұрғысынан талдау.                                               | Тұрақты               | Меңгеруші, психолог  |
| 6.  | Мектепке дейінгі ұйым педагогінің бос лауазымына орналасуға конкурстық рәсімдерді өткізу туралы құжаттаманы жариялау                                                                                                               | Тұрақты негізде       | Меңгеруші, психолог  |
| 7.  | МДҰ әкімшілігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерін әзірлеу және қабылдауды қамтамасыз ету                                                                                                                                    | Тұрақты               | Меңгеруші, психолог  |
| 8.  | «Сенім телефондары» және МДҰ әкімшілігінің жеке қабылдау өткізу кестелері бар ақпараттық стендтерді әзірлеу және орналастыру.                                                                                                      | Тұрақты негізде       | Меңгеруші, психолог  |
| 9.  | Азаматтар тарапынан жіберілген шағын плакаттар, постер, жаднамаларды орналастыру және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының алдын алу.                                                                                 | Тоқсан сайын          | Меңгеруші, әдіскер   |
| 10. | Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізудің ашықтығын жоғарылату                                                                                                                                                                    | Жарты жылда 1 рет     | Меңгеруші, бухгалтер |
| 11. | БАҚ-та, әлеуметтік желілер арқылы (Facebook, Instagram, Telegram), мектепке дейінгі ұйымның сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы мақалалар жариялау.                                                                | Медиа-жоспарға сәйкес | Меңгеруші, әдіскер   |
| 12. | Ата-аналардан әртүрлі шығындарға ақшалай қаражат жинау оқиғалары бойынша олардың арасында сауалнама жүргізу                                                                                                                        | Сәуір – мамыр         | Әдіскер              |

**2-тарау. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасынның аясында “Адал азамат, Кәсіби маман” жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары**

| <b>№</b>                  | <b>Іс-шараның атауы</b>                                                                             | <b>Аяқталу нысаны</b>                                                                                                                      | <b>Жауапты</b>                                                                                                                   |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Күнделікті іс-шара</b> |                                                                                                     |                                                                                                                                            |                                                                                                                                  |
| 1.                        | «Шыншыл бала -арлы бала» мектеп жасына дейінгі балалармен ойындар өткізу                            | Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық                                               | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі |
| 2.                        | «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру | Әңгімелесу                                                                                                                                 | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі                                                    |
| 3.                        | «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» – табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру           | Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеті<br>Ата-аналарға арналған жаднамалар, нұсқаулықтар, парақшалар | Мектепке дейінгі ұйымның, мектепалды сыныптың педагогтері, ата-аналар                                                            |
| 4.                        | «Күй күмбірі» – балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықты, музыканы                        | Мектеп жасына дейінгі                                                                                                                      | Мектепке дейінгі                                                                                                                 |

|                                                          |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                     |                                                                                                 |
|----------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                          | эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру                                                    | балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті                                                                         | ұйымның музыкалық жетекшісі, тәрбиешілер, мектепалды сыныптың педагогі                          |
| <b>Апта сайынғы іс-шаралар</b>                           |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                     |                                                                                                 |
| 1.                                                       | «Менің Қазақстаным» – мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың/мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Гимнін орындауы    | Ертеңгіліктер                                                                                                                       | Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыкалық жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы |
| 2.                                                       | «Апта дәйексөздері» – ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемo кестелерде ойнату                                                                    | Дәйексөздерді ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру                                         | Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері                                                      |
| 3.                                                       | «Қауіпсіздік ережелері» – жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету | Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті. Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу | Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі                    |
| <b>Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</b> |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                     |                                                                                                 |



|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                       |                                                                           |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| 1. | 1 қыркүйек – Білім күні<br>«Балабақша – жайлы мекен»                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балабақшада<br>экскурсия өткізу                       | Мектепке дейінгі<br>ұйымның басшысы,<br>әдіскері,<br>педагогтері          |
| 2. | «Тілім менің тірегім»                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Сурет конкурсы,<br>семинар                            | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері,<br>қазақ тілінің<br>педагогі |
| 3. | «Бір кітап», «Кітап – менің<br>қазынам», «Жас тыңдарман»<br>жобалары аясындағы балалар<br>кітапханасы                                                                                                                                                                                                                       | Жобалық іс-<br>әрекет<br>Кітап<br>калейдоскопы        | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері,<br>әдіскері                  |
| 4. | «SMART BALA» жобасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Құрастыру<br>бойынша<br>балалар іс-<br>әрекеті        | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                               |
| 5. | «Адал дос, сенімді тірек»,<br>«Айырмашылығын тап»,<br>«Банкомат», «Ақша жұмсауды<br>үйренеміз», «Әмиян», «Адал<br>тараз» ойындары – қаржылық<br>сауаттылық бойынша қарапайым<br>білімдерді (заттарды тексеріп қарау,<br>зерделеу, олардың көлемін көзбен<br>өлшеу, көзбен көріп ойлауды, еске<br>сақтауды, қиялды, ұсақ қол | Дидактикалық,<br>ұлттық,<br>сюжетті-рөлдік<br>ойындар | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                               |

|                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                      |                                                                                            |
|------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6.                                             | «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»<br>«Дарабоз»<br>(тәрбиеленушілердің арасында)<br>«Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында)                                                                                                                                                                                                                       | Ұлттық ойындар                       | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері,<br>дене шынықтыру<br>нұсқаушысы,<br>әдіскері. |
| 7.                                             | Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру | Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                                                |
| <b>Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                      |                                                                                            |
| 1                                              | «Жас метеоролог» экологиялық жобасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                                                |
| 2                                              | «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»<br>Бестемше: «Бәріміз бірге мықтымыз»<br>(мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында)                                                                                                                                                                                                                             | Жарыс ойыны                          | Мектепке дейінгі<br>ұйымның дене шынықтыру нұсқаушысы                                      |
| 3                                              | «Мен Отаныммен мақтанамын!»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Ертеңгілік                           | Мектепке дейінгі<br>ұйымның қазақ тілі педагогі,<br>музыкалық жетекшісі                    |

|                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                       |                                                         |
|------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|
| 4                                              | «Менің елім – Мәңгілік ел!»                                                                                                                                                                                                                                                                       | Әдістемелік<br>ұсынымдар                              | Мектепке дейінгі<br>ұйымның әдіскері                    |
| <b>Қараша – әділдік және жауапкершілік айы</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                       |                                                         |
| 1                                              | «Ғажайып көлік түрлері»                                                                                                                                                                                                                                                                           | Сюжетті-рөлдік,<br>драмалау<br>ойындары               | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері             |
| 2                                              | «Қоғамдық мүлікті қорға»                                                                                                                                                                                                                                                                          | Әңгімелесу                                            | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері             |
| 3                                              | «Адалдық алаңы»                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Мультфильм<br>көру                                    | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері             |
| <b>Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы</b>     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                       |                                                         |
| 1                                              | «Республикам – мақтанышым!»                                                                                                                                                                                                                                                                       | Ертеңгілік                                            | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>педагогтері,<br>әдіскері |
| 2                                              | «Жапырақ тамырдан нәр алады»<br>(тәрбиеленушілер мен ата-<br>аналардың арасында)                                                                                                                                                                                                                  | Зияткерлік<br>ойындар                                 | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>педагогтері,<br>әдіскері |
| <b>Қаңтар – заң және тәртіп айы</b>            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                       |                                                         |
| 1                                              | «Теңге алу», «Айырмашылығын тап»,<br>«Банкомат», «Ақша жұмсауды<br>үйренеміз», «Әмиян», «Адал<br>тараз» ойындары – қаржылық<br>сауаттылық бойынша қарапайым<br>білімдерді (заттарды<br>тексеріп қарау, зерделеу,<br>олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен<br>көріп ойлауды, еске сақтауды, қиялды, | Дидактикалық,<br>ұлттық,<br>сюжетті-рөлдік<br>ойындар | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері             |
| 2                                              | «Менің құқықтарым, менің<br>міндеттерім» (мектепалды жастағы<br>балалар үшін)                                                                                                                                                                                                                     | Әңгімелесу                                            | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері             |

|                                                 |                                                                                                                   |                                                                                   |                                                             |
|-------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| 3                                               | «Біз – экологпыз»                                                                                                 | Танымдық,<br>эксперименталды<br>қ іс-әрекет                                       | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                 |
| <b>Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы</b>   |                                                                                                                   |                                                                                   |                                                             |
| 1                                               | «Мен – зерттеушімін» -<br>өнертапқыштыққа алғашқы қадам.                                                          | Танымдық,<br>эксперименталды<br>қ іс-әрекет                                       | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                 |
| 2                                               | Ұлттық үстел үсті ойындары                                                                                        | Үстел үсті<br>ойындары                                                            | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                 |
| 3                                               | «Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер<br>мен олардың ата-аналары арасында)                                       | Қолөнер<br>бұйымдарының<br>көрмесі                                                | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері, ата-<br>аналар |
| <b>Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы</b> |                                                                                                                   |                                                                                   |                                                             |
| 1                                               | «Ізгіліктің бір ізі – алғыс»<br>(тәрбиеленушілердің, олардың ата-<br>аналарының және педагогтердің<br>қатысуымен) | Челлендж                                                                          | Мектепке дейінгі<br>ұйымдардың<br>педагогтері               |
| 2                                               | «Еңбектің наны тәтті»                                                                                             | Ересектердің<br>еңбегімен<br>таныстыру<br>бойынша<br>ұйымдастырылған<br>іс-әрекет | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>педагогтері                  |
| 3                                               | «Наурыз – жыл басы!»                                                                                              | Ертеңгілік                                                                        | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>педагогтері,<br>әдіскері     |

| Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы |                                                                                                                                                                  |                                                     |                                                                   |
|------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| 1                                              | «Шын жүректен кітап сыйла» –<br>Халықаралық балалар кітабы күні                                                                                                  | Челлендж                                            | Мектепке дейінгі<br>ұйым<br>тәрбиешілері, ата-<br>аналар          |
| 2                                              | Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау<br>мәдениеті                                                                                                                      | Сюжетті-рөлдік<br>ойын                              | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                       |
| 3                                              | «Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана»,<br>«Автосервис» және басқалары                                                                                              | Сюжетті-рөлдік<br>ойын                              | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                       |
| 4                                              | <b>Халықаралық балалар кітабы күні</b> —<br>әр жыл сайын <b>2 сәуірде</b> атап өтіледі.<br>Бұл күн суретші және ертегіші Ханс<br>Кристиан Андерсеннің туған күні | Жазушының<br>ертегілерін<br>оқу, ертегіні<br>сомдау | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері                       |
| 5                                              | «Әжемнің ертегілері»                                                                                                                                             | Жобалық<br>жұмыс                                    | Мектепке дейінгі<br>ұйымның<br>тәрбиешілері<br>ата-аналар, әжелер |
| Мамыр – бірлік және ынтымақ айы                |                                                                                                                                                                  |                                                     |                                                                   |
| 1                                              | «Достығымыз жарасқан»                                                                                                                                            | Балалар<br>суретінің<br>көрмесі                     | Мектепке дейінгі<br>ұйым<br>тәрбиешілері                          |
| 2                                              | «Білімім – Отаныма!»                                                                                                                                             | Ертеңгілік                                          | Мектепке дейінгі<br>ұйым<br>тәрбиешілері                          |
| 3                                              | «Табиғатты сақтайық!»                                                                                                                                            | Жобалау іс-<br>әрекеті                              | Мектепке дейінгі<br>ұйым<br>тәрбиешілері                          |
| 3-тарау.<br>Саламатты өмір салтын ұйымдастыру  |                                                                                                                                                                  |                                                     |                                                                   |
| №                                              | Тақырыбы                                                                                                                                                         | Мерзімдері                                          | Жауапты                                                           |
| 2.1.                                           | <b>Таңғы гимнастика:</b><br>- күнделікті жаттығулар (таза ауада<br>орындау абзалырақ) және арнайы<br>жаттығулар кешендері.                                       | Күнделікті                                          | Тәрбиешілер                                                       |

|      |                                                                                                                                                                                                   |                                              |                                            |
|------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 2.2  | <b>Таза ауадағы белсенді ойындар:</b><br>- аулада қимылды ойындар мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;<br>- саябақтарға, ормандарға, табиғатқа серуендеу және экскурсиялар.                     | Күні бойы                                    | Тәрбиешілер                                |
| 2.3. | <b>Дене шынықтыру бойынша жаттығулар:</b><br>- балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дене шынықтыру ҰІӨ тұрақты өткізу;<br>- күнделікті режимге йога, би және басқа да белсенділік түрлерін қосу. | Тәрбиешілер                                  | Тәрбиешілер                                |
| 2.4. | <b>Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру:</b><br>- барлық жас топтары үшін үйлесімді және әртүрлі мәзірді әзірлеу;<br>- балаларды дұрыс тамақтану негіздеріне оқыту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру. | Тұрақты негізде                              | Меңгеруші, мейірбике, әдіскер, тәрбиешілер |
| 2.5. | <b>Сырқаттардың алдын алу:</b><br>- тұрақты медициналық тексерулер және мамандардың кеңестері;<br>- вакцинация және иммунитетті нығайту шаралары.                                                 | Мейірбикенің жұмыс жоспарына сәйкес          | Мейірбике, тәрбиешілер                     |
| 2.6. | <b>Гигиеналық дағдылар:</b><br>- балаларға жеке бас гигиенасының ережелерін үйрету;<br>- балабақшада тазалық пен тәртіпті сақтау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.                                | Күнделікті                                   | Тәрбиешілер                                |
| 2.7. | <b>Күн тәртібі:</b><br>- белсенді ойындар мен демалу уақытын ауыстыра отырып, күн тәртібін сақтау.                                                                                                | Күнделікті                                   | Тәрбиешілер                                |
